



Сый-сияпат жасады

Ұлы Жеңіс күні қарсаңында облыс әкімі Қанат Бозымбаев Екібастұз қаласына арнайы келіп, тоқсанға толған соғыс ардагерлері, «Отан соғысы» ордені иегерлері Зейнолла Сүлеев пен Ольга Самотаеваны мерейлі мерекемен құттықтады. Қос майдангердің кеудесіне «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» белгісін қадап, телевизор сыйлады.

Р.МҰСАБАЙ

Зейнолла қарт 1925 жылдың 10 қаңтарында сол кездегі Ақтоғай ауданына қарасты Ақкөл ауылында туған. 14 жасында жеті класты бітірісімен есепші болып еңбекке араласады. 1942 жылы әскер қатарына шақырылады. І атқыштар дивизиясында мерген болған жас жауынгер 1945 жылдың тамыз айында жапон соғысына қатысады. Әскер қатарынан тек 1948 жылы босайды. 1949 жылы Ақкөл мектебіне мұғалім болып орналасады. Соғыс ардагері «Украинаны азат еткені үшін», «Жуков» медалімен марапатталған.

(Жалғасы 2-бетте)



Сый-сияпат жасады

(Басы 1-бетте)

—1945 жылдың 9 тамызында біздерді Жапонияға қарсы соғысқа жөнелтті. Манчжурияда ел шетін жапон басқыншыларынан күзеттік. 1947 жылы Бурятияға жол тарттық. Елге тек 1947 жылы 1 мамырда оралдым. Екінші дүниежүзілік соғыс жүз миллиондай адамның өмірін қиды. Кеңестер Одағы отыз миллиондай жауынгерінен айрылды. Тағы соншама адам соғыстың кесірінен мүгедек болып қалды, -дейді әлі күнге

ойы сергек, санасы сау қарт майдангер.

Зейнолла қария өлең жазудан да қара жаяу емес. Көңілге түйгендерін арақідік күнделігіне өлеңмен өрнектеп отырыпты. Қызы Сәуле әкесінің ертеректе жазған елу өлеңін жинастырып, «Әке толғаулары» деген атпен жыр жинағын шығарыпты. «Әкемнің жыр жинағы - немере-шөберелері үшін алтын қазына», - дейді ол.

Ольга Георгиевна Самогалева 1925 жылдың 5 мамырында Тамбов облысы Ивановка селосында туған. Еңбек жолын 1941 жылы комбайнер көмекшісі болып бастайды.

1943 жылы шопырлар даярлайтын жеделдетілген курсты бітіреді. 1944 жылы I Белорусь майданы 1018-шы атқыштар полкіне кеңсе хатшысы болып қабылданады. Әскери қызметін 1945 жылдың тамыз айында кіші сержант шенінде аяқтайды. 1953 жылы Екібастұз қаласына қоныс аударады. 1978-1990 жылдар аралығында зейнеткерлікке шыққанша Екібастұз қаласындағы теміржол ауруханасында шаруашылық медбикесі болып еңбек етеді. От пен оқтың арасынан келген Ольга Георгиевна өзі көрген бейнетті кейінгі ұрпақ көрмесін деп тілейді.